

«Amanat» Сақтандыру компаниясы» Азаматтық Қоғамы

**20.12.2018 ж.
Директорлар Кеңесі Шешімімен
Бекітілген
Хаттама**



**Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті
сақтандыру ережелері**

Алматы қ., 2018 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	2
2. Сақтандыру объектілерінің тізімі	3
3. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы	4
4. Сақтандыру жағдайларының тізімі	4
5. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері	5
6. Шарттың қолданылу мерзімі және орны	5
7. Шарттың бекітілу тәртібі	5
8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	8
9. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері	9
10. Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі	10
11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	10
12. Сақтанушыға не Сақтандырылушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері	11
13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері	11
14. Шарттың тоқтатылу жағдайлары	12
15. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері	12
16. Қосымша шарттар	13

1. Жалпы ережелер

1. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді.
2. Осы Ережеге сәйкес, «Amanat» Сақтандыру компаниясы» Азаматтық қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) аудиторлық ұйымдармен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасады.
3. Осы Шартта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - аудиторлық ұйымның аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілерге келтірілген мүліктік зиянды өтеуі жайлы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген міндеті;
 - 2) аудиттелетін субъект - аудиторлық ұйыммен аудит жүргізуге шарт жасасқан заңды тұлға;
 - 3) Пайда алушы – осы сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;
 - 4) сақтандыру жағдайы – орын алған жағдайда, аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
 - 5) сақтандыру омбудсман – «сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
 - 6) сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі және сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандырушы жауаптылығының шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;
 - 7) сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
 - 8) сақтандыру төлемі - сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру сомасының шегінде төлейтін ақша сомасы;
 - 9) Сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар, сақтандыру жағдайы болған кезде осы Шарт пайдасына жасалған тұлғаға (Пайда алушы) осы Шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті заңды тұлға;
 - 10) сақтанушы - сақтандырушымен аудиторлық ұйымның азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан аудиторлық ұйым;
 - 11) франшиза - сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

2. Сақтандыру объектілерінің тізімі

4. Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі (бұдан әрі - аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру) аудиторлық ұйымның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген оның аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілерге

келтірілген мүліктік зиянды өтеу міндетіне байланысты мүліктік мүддесі болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.
6. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.

3. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі. Сақтандыру сыйлықақысы

7. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сомасының мөлшері аудиторлық ұйыммен жасалған аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша шарт жасалған күнге тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген кемінде 10 000 еселенген айлық есептік көрсеткішті құрауы тиіс.
8. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері тараптардың келісімі бойынша аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ бұл ретте сақтандыру сыйлықақысының мөлшері аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 4,5 пайызынан аспауға тиіс.
9. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері тараптардың келісімімен белгіленеді.
10. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда кезекті сақтандыру жарнасын уақтылы төлемегені үшін сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде бөтен ақшаны заңсыз пайдаланғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
11. Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйлықақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін береді.

4. Сақтандыру жағдайларының тізімі

12. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы болып аудит жүргізу кезінде аудиттелетін субъектілердің мүліктік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі танылады.
13. Сақтандыру жағдайы сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы сот шешімі заңды күшіне енген не сақтанушы аудиттелетін субъектілердің зиянды өтеу туралы талаптарын негізді деп таныған және сақтанушының талаптарын мойындай отырып, сақтандырушының келісімі болған күннен бастап басталған болып есептеледі.

5. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

14. Егер сақтандыру жағдайы төменде келтірілген салдарлардан туындаған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) аудиттелетін субъектінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 2) аудиттелетін субъектінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.
15. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына келесілер негіз бола алады:
- 1) сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;
 - 2) заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу;
 - 3) сақтанушының сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеп-тексеруге және келтірілген зиянның мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;
 - 4) аудиттелетін субъектінің аудит жүргізуге арналған шартта көзделген міндеттерді бұзуы;
 - 5) сақтанушының Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасында айқындалған аудиторлық ұйымның функциялары мен міндеттеріне сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруы;
 - б) аудиттелетін субъектінің сақтанушыға аудитті жүргізу үшін қажетті толық емес және (немесе) дәйексіз құжаттама мен басқа да ақпаратты беруі.
16. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер етпейтіні дәлелденбесе, оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.
17. Сақтандырушы Ереженің 5-бөлімінде көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы емес.

6. Шарттың қолданылу мерзімі және орны

18. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда ол сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеу кезінде-бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
19. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты ол күшіне енген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.
20. Сақтандыру қорғаудың қолданылу кезеңі аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.
21. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

7. Шарттың бекітілу тәртібі

22. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес сақтандырушы мен сақтанушы арасында аудиттелетін субъектінің пайдасына жасалатын шарт негізінде аудит жүргізу кезінде зиян келтірілуі мүмкін мүліктік мүдделеріне қатысты жүзеге асырылады.
23. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында моральдық зиянды, жіберіп алған пайданы өтеуді және тұрақсыздық айыбын төлеуді қоспағанда, сақтанушы аудит жүргізген кезде аудиттелетін субъектілерге зиян келтіру салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.
24. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуға тиіс.
25. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.
26. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапты болады. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда дау сақтанушының пайдасына шешіледі.
27. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру не сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.
28. Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтанушының немесе аудиттелетін субъектінің жағдайын Заңда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптарда жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушы мен аудиттелетін субъектінің алдында Заңда белгіленген талаптарда міндеттемелер көтереді.
29. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасқан кезде сақтандырушының интернет-ресурсы сақтанушы (пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін пайдаланылады. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау үшін өтініш берген кезде сақтанушыдан электрондық нысанда мамандандырылған бағдарламалық жүйені пайдалану талап етілмейді. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.
30. Сақтанушы (пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

- 31.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы төмендегі талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі қажет:
- 1) сақтанушыға аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде дереу жіберу;
 - 2) деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты сақтанушының тексеру мүмкіндігі;
 - 3) сақтанушы үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтау;
 - 4) сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандырушыға электрондық нысанда ақпарат (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және жіберу мүмкіндігі:
- аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мәліметтерін өзгерту, қайта ресімдеу;
- аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;
- сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама;
- келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізу;
- сақтандыру төлемін алу.
- Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
- Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындайды.
- 32.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп-бөліп төлеген жағдайда алғашқы сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтандырушы ұсынған талаптарда осы сақтандыру шарты сақтанушы жасаған болып есептеледі.
- 33.** Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушы Ережеде көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу жағдайында бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, осылайша оған ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растайды.
- 34.** Сақтандырушы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын тәулік бойы жасасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
- 35.** Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара әрекеттесу арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып,

аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызмет жасауына жол берілмейді.

8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

- 36.** Сақтанушының құқықтары:
- 1) Сақтандырушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру талаптарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;
 - 2) Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін алу;
 - 3) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Қағидалардың 63-65-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
 - 4) өтініш пен қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі) жіберу.
- Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.
- 37.** Сақтанушының міндеттері:
- 1) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
 - 2) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушыға аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті мәліметтерді ұсыну;
 - 3) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты адамға кері талап ету құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.
- Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.
- 38.** Сақтандырушының құқықтары:
- 1)) аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыдан аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері туралы ақпарат және аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтер беруді талап ету;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне сүйене отырып, сақтандыру жағдайының басталу фактісіне және сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін анықтауға байланысты құжаттар мен мәліметтерді сұрату;
 - 3) аудит жүргізуге байланысты міндеттерді орындау нәтижесінде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы аудиттелетін субъектілердің талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу;

4) Заңда көзделген жағдайларда зиян келтіргені үшін жауапты адамға кері талап қою құқығын беру;

5) Ереженің 5-бөлімінде көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

39. Сақтандырушының міндеттері:

1) сақтанушыны аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен таныстыру, оның аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын толық немесе ішінара қайтару;

3) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиіс зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге хабарлау;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде заңда көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін жүргізу;

5) сақтанушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында өзі шеккен шығыстарды өтеу;

6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

7) сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (пайда алушының) талаптарын қарауға және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беру;

8) сақтанушыдан (пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге міндетті.

Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттері көзделуі мүмкін.

9. Сақтандыру жағдайы орын алғандағы Сақтанушының әрекеттері

40. Сақтандыру жағдайы басталғанда Сақтанушы келесі әрекеттерді орындауы тиіс:

1) аудит жүргізу нәтижесінде келтірілген зиянды өтеу туралы талап немесе талап арыз туралы белгілі болғанда, дереу, бірақ бес жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы сақтандырушыға қол жетімді тәсілмен (ауызша, жазбаша) хабардар ету;

2) сақтанушыда келтірілген зиянды өтеу міндеті пайда болған оқиғаның себептері, барысы және салдары туралы, сондай-ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін өзіне қол жетімді барлық ақпарат пен құжаттаманы сақтандырушыға беру;

3) сақтандырушыға аудиттелетін субъектінің зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді реттеуге қатысу мүмкіндігін беру;

4) сақтандыру жағдайынан болған залалды азайтуға қажетті шаралар қолдану.

10. Сақтандыру жағдайының орын алуын және сақтандыру төлемінің мөлшерін негіздейтін құжаттар тізімі

- 41.** Сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтанушы немесе аудиттелетін субъектінің жазбаша нысанда, төлемді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып жіберіледі.
Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың электрондық көшірмелері немесе электрондық құжаттар түрінде электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Сонымен бірге, сақтандыру төлемін электронды түрдегі талап етуі өтініш берушіні сақтандырушыға құжаттардың түпнұсқаларын ұсынудан босатпайды.
- 42.** Келесі құжаттар сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса беріледі:
1) келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттарды немесе аудит жүргізу кезінде сақтанушы келтірген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне енген шешімін қоса бере отырып, аудиттелетін субъектінің зиянды өтеу туралы талабы;
2) заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат;
3) сақтанушы мен аудиттелетін субъект арасында жасалған аудит жүргізуге арналған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
4) зиянды болдырмау және оның мөлшерін азайту жөніндегі шараларды қолдануға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар (бар болса);
5) аудиттелетін субъектінің келісімімен бекітілген аудиторлық есептің көшірмесі.
- 43.** Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, қабылдағаны туралы анықтама беруге міндетті. Егер сақтандырушы (пайда алушы) сақтандыру төлемін төлеу туралы талапты электронды түрде жіберсе, сақтандырушы оған осы анықтаманы электронды түрде бере алады.
- 44.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған кезден бастап үш жыл ішінде қойылуы мүмкін.

11. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары

- 45.** Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандырушының пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап ету құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.
- 46.** Аудит жүргізу нәтижесінде сақтанушы зиян келтірген аудиттелетін субъект, ал аудиттелетін субъект қайта ұйымдастырылған жағдайда - оның құқықтық мирасқоры пайда алушы болып табылады.
- 47.** Сондай-ақ Сақтанушы немесе аудиттелетін субъектіге (оның құқықтық мирасқорына) келтірілген зиянды Сақтандырушының Заңда белгіленген жауапкершілігі көлемінің шегінде өтеген және өз шығыстарын сақтандырушыдан өтеу құқығын алған өзге де тұлға пайда алушы бола алады.
- 48.** Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы Ереженің 23-тармағының талаптарын ескере отырып, аудиттелетін субъектінің талап ету сомасын немесе

келтірілген зиянды өтеу туралы соттың заңды күшіне енген шешімін негізге ала отырып айқындайды.

49. Сақтанушының залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілсе, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс.
50. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы қажет, егер шығыстар сақтанушының сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.
51. Әрбір сақтандыру жағдайы бойынша франшиза мөлшері тараптардың келісімі бойынша белгіленеді, бірақ бұл ретте франшиза мөлшері аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының бес процентінен аспауға тиіс.
52. Келтірілген зиянның мөлшері франшизаның белгіленген мөлшерінен асып кеткен жағдайда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

12. Сақтанушыға не Сақтандырылушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың жетіспеушілігі туралы хабарлау мерзімдері

53. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушы өтеуге тиіс зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға міндетті.

13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру, не одан бас тарту туралы шешімді қабылдау мерзімдері

54. Сақтандыру төлемін сақтандырушы Ереженің 10 бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.
55. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының тараптары немесе пайда алушы дауласқан жағдайларда сақтандырушы сақтандыру төлемін Ереженің 54-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі дауласпайтын бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.
56. Сақтандыру төлемінің даулы бөлігін сақтандырушы бітімгершілік келісім жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап не осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап, егер сот шешімді дереу орындауға жүгіндірмесе, үш жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.
57. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
58. Егер сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға негіздер болса, сақтандырушы Ереженің 10-бөлімінде қарастырылған құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға өтініш берген адамға сақтандыру төлемін толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді бас

тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып жазбаша түрде жіберуге міндетті.

14. Шарттың тоқтатылу жағдайлары

- 59.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты келесі жағдайларда тоқтатылады:
- 1) шарттың қолданылу мерзімі өтіп кетсе;
 - 2) шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған болса;
 - 3) сақтандырушы аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асырған жағдайлары.
- 60.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 61.** Егер аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату сақтандырушының кінәсінен, оның талаптарын орындамаудан туындаған болса, сақтандырушы сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті. Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған өзге жағдайларда Сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру қолданылған уақытқа барабар бөлігіне құқығы бар.

15. Дауларды шешу тәртібі, оның ішінде міндетті сақтандыру жөнінде туындайтын дауларды реттеу ерекшеліктері

- 62.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.
- 63.** Аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дау болған кезде сақтанушының (пайда алушының) құқықтары: сақтандырушыға (сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберу, немесе аудиторлық ұйымдардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалына, өкілдігіне) немесе сотқа өтініш жіберу.
- 64.** Сақтандырушы Сақтанушыдан (пайда алушыдан) өтініш алған сәттен бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап беруі тиіс.
- 65.** Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының, Пайда алушының, сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды бойынша сұранысты алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

16. Қосымша шарттар

66. Ережеде айтылмаған барлық мәселелер тараптар жасасқан шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.
67. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін өзгерістер нәтижесінде Ереженің жекелеген тармақтары Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келсе, онда олардың күші жойылады және ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормалары қолданылады. Бұл ретте Ереженің жекелеген тармақтарының күшін жоғалтуы жалпы ережелердің жоғалуына немесе жарамдылығына әкеп соқпайды.

Акционерное общество «Страховая компания «Аманат»

**Утверждены
Решением Совета директоров
Протокол от 20.12.2018 г.**



**Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности
аудиторских организаций**

г. Алматы, 2018 г.

Оглавление

1. Общие положения	3
2. Перечень объектов страхования	4
3. Порядок определения страховых сумм. Страховая премия	4
4. Перечень страховых случаев	4
5. Исключение из страховых случаев и ограничение страхования	5
6. Срок и место действия договора страхования	5
7. Порядок заключения договора страхования	6
8. Права и обязанности сторон	8
9. Действия страхователя при наступлении страхового случая.....	10
10. Перечень документов, подтверждающих наступление страхового случая и размер убытков	10
11. Порядок и условия осуществления страховых выплат	11
12. Срок уведомления страхователя или застрахованного о недостающих документах, необходимых для осуществления страховой выплаты.....	11
13. Срок принятия решения о страховой выплате или отказе в страховой выплате ...	11
14. Условия прекращения договора страхования	12
15. Порядок разрешения споров, в том числе особенности урегулирования споров по обязательному страхованию.....	12
16. Дополнительные условия.....	13

1. Общие положения

1. Настоящие Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности аудиторских организаций (далее - Правила) разработаны в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об обязательном страховании гражданско-правовой ответственности аудиторских организаций» (далее – Закон).
2. В соответствии с настоящими Правилами, Акционерное общество «Страховая компания «Amanat» (далее - Страховщик), заключает договоры обязательного страхования гражданско-правовой ответственности с аудиторскими организациями.
3. Основные понятия, используемые в настоящих Правилах:
 - 1) гражданско-правовая ответственность аудиторской организации - установленная гражданским законодательством Республики Казахстан обязанность аудиторской организации возместить имущественный вред, причиненный аудируемым субъектам при проведении аудита;
 - 2) аудируемый субъект - юридическое лицо, заключившее с аудиторской организацией договор на проведение аудита;
 - 3) выгодоприобретатель - лицо, которое в соответствии с настоящим Законом является получателем страховой выплаты;
 - 4) страховой случай - событие, с наступлением которого договор обязательного страхования гражданско-правовой ответственности аудиторской организации предусматривает осуществление страховой выплаты страхователю (выгодоприобретателю);
